



«АСТАНА» ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҚАРЖЫ ОРТАЛЫҒЫНЫҢ
ҰСАҚ ДАУЛАР СОТЫНДА

24 наурыз 2023 жыл

№: AIFC-C/SCC/2022/0028 ic

Кания Бижанова

Талап қоюшы

«Center for Scientific and Technological Initiatives Ltd.» жеке компаниясына

Жауапкер

қарсы

ШЕШІМ

Сот Судьясы:

Судья Чарльз Баннер КС

БҰЙРЫҚ

1. Талап осы бұйрық шығарылған күннен бастап 7 күн ішінде Жауапкердің Талапкерге 747 866,75 теңге төлеуіне қатысты қанағаттандырылды.
2. Қалған барлық жағдайларға қатысты Талап қабылданбай тасталды.
3. Жауапкер осы Бұйрықтың 1-тармағын орындайтын жағдайда, шығыстар туралы бұйрық шығарылмайды.

ШЕШІМ

1. Осы талап арызында Талап қоюшы Бижанова ханым АХҚО сотының ұсақ даулар сотынан оның Жауапкер «Center for Scientific and Technological Initiatives Ltd.» жеке компаниясымен жасасқан еңбек шартына байланысты әртүрлі құқықтық қорғау құралдарын сұрайды.
2. Талап қоюшы Жауапкерде жұмыс істеуін 2022 жылғы 3 мамырда бастаған. Талап қоюшы оған АХҚО Еңбек Регламентінің 11-ережесімен көзделген (АХҚО-ның 2017 жылғы № 4 Регламенті түзетулермен қоса, төменде «Еңбек регламенті» деп аталады) жазбаша еңбек шарты екі айлық мерзімде ұсынылмағанын мәлімдеп отыр. Ол кейіннен оның еңбек шартын Жауапкер заңсыз бұзғанын мәлімдеп, әртүрлі баптар бойынша шығындардың өтелуін, сондай-ақ жұмыста қалпына келтіруді және осы істі қарау бойынша шығыстарды өтеуді сұрайды.
3. Тараптар Еңбек Регламентінің 4(3) ережесіне сәйкес талап арыз АХҚО Соты юрисдикциясының аясына түседі және ол Ұсақ даулар сотында («ҰДС») АХҚО Соты қағидаларының 28.2 қағидасы ескеріле отырып қаралуға жатады деп есептейді («Сот қағидалары»).
4. Жауапкер талапқа қарсы толық көлемде қарсылық білдіріп, бұны, ең алдымен, Талапкерді ол ауруына байланысты 2022 жылдың шілде айында елеулі кезеңге демалысқа кететіндігі жөнінде тиісті түрде хабарламай, шартты өрескел бұзғандықтан (Еңбек Регламентінің 61-ережесіне сәйкес, бұл оны жұмыстан хабарлаусыз шығаруға құқық береді) немесе Еңбек Регламентінің 15-ережесіне сәйкес, жұмыстан шығару үш айлық сынақ мерзімі кезінде орын алғандықтан (бұл оған оны 1 апта ішінде хабарлаумен жұмыстан шығаруға құқық береді) жұмыстан шығаруға құқығы бар екендігімен негіздейді.
5. Тағы бір бөлек мәселе, Талапкердің жалақысынан ол, екі тараптың да пікірінше, әлі де Жауапкерде жұмыс істеп жатқан кезде, Еңбек Регламентінің 20-ережесіне сәйкес әртүрлі сомаларды ұстап қалуға Жауапкердің құқығы болды ма.

6. Тараптардың ешқайсысы тыңдау өткізілуін сұратқан жоқ. Алайда, дау нысанасы болып табылатын фактілік және құқықтық мәселелердің сипатын ескере отырып, Сот тыңдау өткізу әділ сот мүддесіне сай болады деп есептеді.
7. Тыңдау кезінде Талап қоюшының атынан Димаш Бижанов мырза, ал Жауапкердің атынан Жанара Абдуллаева ханым өкілдік етті. Тараптардың ешқайсысы куәлардың ауызша айғақтарына сүйенген жоқ. Сот екі өкілге де тараптардың дәлелдерін айқын және қысқа жеткізгені үшін алғысын білдіреді.
8. Істі қарау барысындағы жазбаша және ауызша дәлелдердің басым бөлігі Талап қоюшының Еңбек Регламентінің 11-ережесімен көзделген жазбаша еңбек шарты екі айлық мерзімде ұсынылмағанын және Жауапкер сілтеме жасаған жазбаша шарттың нұсқасындағы қолтаңба жалған екенін мәлімдеуіне арналған. Талап қоюшы өз қолтаңбасының шынайылығы туралы мәселені Сот қолжазба сараптамасын тағайындау жолымен шешуі тиістігін ұсынды, ал Жауапкер қарсылық білдірген жоқ. Сот қағидаларының 28.27 және 28.28 қағидаларынан мұндай тағайындау айрықша болатыны түсінікті. ҰДС-тың ұсақ талаптарды қараудың тез және реттелген тәсілін қамтамасыз ету болып табылатын мақсатын ескере отырып¹, мұндай айрықша қадам жасау үшін Сотқа көз жеткізерлік дәлелдер керек болады.
9. Бұл жерде мұндай көз жеткізерлік дәлелдер келесі себептер бойынша жоқ.
10. Біріншіден, тіпті, мәлімделіп отырғандай, қол қойылған жазбаша шартты қолданыстағы шарт ретінде қабылдағанның өзінде де, дәлелдеу ауыртпалығы Жауапкерде болып табылады, егер ол Талап қоюшының шартты бұзғандығына Соттың көзін жеткізу үшін Талап қоюшының хабарлаусыз жұмыстан шығарылғанын ақтағысы келсе: Еңбек регламентінің 61(2)(b) ережесін қараңыз. Сот ұсынылған дәлелдер негізінде Жауапкер бұл дәлелдеу ауыртпалығын орындады деп санамайды. Еңбек регламентінің 34(1) ережесінде ауруға байланысты жәрдемақы алу құқығы жұмыскердің жұмыс берушіге 33-ережеде көзделген хабарламаны беруіне-бермеуіне байланысты екендігін айқын көрсетілгенімен, бұл ережелердің ешбірінде де, 61-ережеде де мұндай хабарламаны бермеу жұмыскерді ауруға байланысты жәрдемақы алу құқығынан айыру үшін өз алдына жеткілікті болып табылатындығы ғана емес, сол сияқты жұмыстан хабарлаусыз шығаруды ақтайтын шартты бұзу болып табылатындығы да көрсетілген ештеңе жоқ. Сондықтан

¹ “Нұрсұлтан Әлиев “Proportunity Management Company” ЖШС-ына қарсы AIFC-C/SCC/2020/0002 істі қараңыз, Судья Чарльз Баннер QC, 18-т., Судья Сэр Стивен Ричардс апелляцияда растап цитата келтірген (AIFC-C/CA/2020/0009 ic, 16-т.).

Сот Жауапкердің Талап қоюшыны хабарлаусыз жұмыстан шығаруға оның құқығы болды деген мәлімдемесін қабылдамайды. Сот сондай-ақ Талап қоюшы мұндай мән-жайларда өзін жұмыстан шығаруға ауызша келіскені туралы Жауапкердің осымен байланысты мәлімдемесін де қабылдамайды. Мұндай ауызша келісімнің айқын дәлелдері жоқ және, ықтималдылықтар арақатынасы бойынша, мұндай маңызды келісім жазбаша түрде, екі тараптың та қолдары қойылған немесе өзгеше түрде келісілген нысанда тіркелмегеніне Соттың көзі жетпейді.

11. Екіншіден, тыңдаулар кезінде екі тарап та растағандай, жұмыстан шығару Талап қоюшы жұмыс істеген алғашқы үш айдың ішінде орын алғаны талассыз. Еңбек регламентінің 15-ережесінде Жұмыс беруші Жұмыскерден үш айдан аспайтын сынақ мерзімін өтуді талап ете алатыны және бұл уақыттың ішінде Жұмыс беруші Еңбек шартын хабарлаумен бір апта ішінде бұза алатыны анық айтылған. Талап қоюшыға жазбаша еңбек шарты берілгені-берілмегені және/немесе оның қашан келісілгені туралы дау бұл жағдайда ештеңеге әкелмейді, өйткені шартқа сынақ мерзімі туралы шартты енгізу-енгізбеуді толығымен жұмыс беруші шешетіні 15-ережеден түсінікті болып тұр. Сонымен, Сотқа берілген дәлелдер бойынша, бұл істе көз жетерлік нұсқа тек екеу ғана: не (1) Жауапкер еңбек шартының талапшарттарына 15-ережеге сәйкес үш айлық сынақ мерзімі туралы талапшартты енгізген ; немесе (2) егер Жауапкер бұны талап еткен болса, ал оның бұлай істеуге құқығы болды, Талап қоюшы мұндай талапшартпен келіспеген және бұл жағдайда еңбек шарты мүлде болмаған. Сондықтан Сот, ықтималдылықтар арақатынасы тұрғысынан, тараптар арасындағы еңбек шартының дәл талапшарттары қандай болса да, оларға, кемінде, Еңбек регламентінің 15-ережесінде көзделгендей, үш айлық сынақ мерзімі енгізілуі тиіс болған. Осы тұрғыдан, Жауапкер еңбек шартын бұзғысы келген уақытта еңбек шартын хабарлаумен бір апта ішінде заңды түрде бұзуына болды.
12. Осы тұрғыдан, Талап қоюшы мәлімдеп отырғандай, жазбаша шарттағы қолтаңба жалған болуына-болмауына байланыссыз, Сот бұл жағдайда Еңбек шарты заңды негіздерде бұзылған деп санайды. Сондықтан ҰДС-ның бірлескен қолтаңба сараптамасын тағайындауында болып табылатын айрықша қадам бұл талап қоюды қарау үшін қажет болып табылмайды.
13. Талап қоюшының бір апта бұрын хабарлануға құқығын ескере отырып, Сот Жауапкерден оған бір апталық жалақыға тең залалды төлеуді талап етеді. Жауапкердің талассыз дәлелі - Талап қоюшының айлық жалақысы 1 346 667 теңге құрағаны болды (Қарсылықтың 2-қосымшасындағы есеп парақтарын қараңыз). Бұл пропорционалды түрде аптасына 336 666,75 теңге құрайды, бұл Сот Еңбек регламентінің 15-ережесіне сәйкес бір апта хабарлау кезеңі үшін Жауапкерден төлеуді

талап ететін сома болып табылады.

14. Сонымен, шегерімдер туралы мәселе қалды. Жауапкер Талап қоюшының жалақысынан 261 200 теңге мөлшеріндегі соманы және тағы 150 000 теңгені ол өз жұмысында, атап айтқанда, сатып алу процедураларына қатысты қателіктер жібергені негізінде шегеруге құқығы болғанын өзінің Қарсылығында, 1-3 беттерде, мәлімдеген және тыңдау кезінде Соттың қойған сұрақтарына жауап бергенде нақтылады. Оның ішінде, Жауапкер - жалпылама және нақтылықтарын аз түрде болса да - Талап қоюшы бұл сомаларға тиісті рұқсатсыз немесе заңды негізсіз Жауапкердің атынан белгілі бір АТ бағдарламалық жасақтамасын сатып алғандығын мәлімдейді және, тиісінше, Жауапкер Талап қоюшының бұл сомаларды шығыстар ретінде өтеуге құқығы жоқ болғандығын мәлімдейді. Тыңдау кезінде Талап қоюшы бұл сатып алулар шынында да жасалды және адал жасалды деп жауап берді.
15. Бұл мәлімдемені жасаушы тарап ретінде және Еңбек регламентінің 20-ережесіне сәйкес жалақыдан жасалатын шегерімдерді негіздейтін тарап ретінде, Жауапкер бұл мәселе бойынша дәлелдеу ауыртпалығын көтереді. Сот Абдуллаева ханым арқылы Жауапкерден бұл шығыстардың іс жүзінде және адал жасалған шығыстар болып табылмайды деп мәлімдеу үшін Жауапкердің қандай дәлелдік негіздері бар екендігін және бұлар 20(1)(с) ереженің мәні аясына түсетінін түсіндіруді сұрады. Қарсылықта баяндалған, Талап қоюшы тыңдау кезінде жауап берген лепірме мәлімдемелерден басқа, Жауапкер нақты ештеңе ұсына алмады және, соның ішінде, 20(1)(с) ереженің дәл шарттарын немесе талап қоюшының шығыстардың адал жасалғандығы туралы түсіндірмелерін қозғаған жоқ.
16. Сот Жауапкер бұл шегерімдерді дәлелдеу ауыртпалығын орындады деп санамайды.
17. Осыған байланысты, сынақ мерзімі ішінде жұмыстан шығару үшін 15-ережеде талап етілетін бір апта бұрын хабарлаумен қатар, бірақ тек осыған байланысты, Сот талап қоюды қанағаттандырады.
18. Қорытындылай келе, сонымен, Сот Талап қоюшының талаптарын еңбек шарттарын тоқтатқан кезде Жауапкер заңсыз әрекет етті деп мәлімделген бөлігінде қабылдамайды. Сот, алайда, Талап қоюшының талаптарын шектеулі көлемде қанағаттандырып, Жауапкерден оған Еңбек регламентінің 15-ережесіне сәйкес хабарлау мерзімі ретінде 336 666,75 теңге құрайтын бір апталық жалақы төлеуді, сонымен қатар 411 200 теңге мөлшеріндегі заңсыз шегерімдерді өтеуді талап етеді. Сонымен, Жауапкер Талап қоюшыға төлеуі тиіс жалпы сома 747 866,75 теңге

құрайды.

19. Сот Жауапкердің бұл соманы Талап қоюшыға осы Бұйрық шығарылған сәттен бастап 7 күн ішінде төлеуін талап етеді. Соттың мұндай қысқа мерзім ішінде төлеуді талап етуінің себебі бұл сома Талап қоюшыдан бірінші кезекте ұсталмауы тиіс болатындығында болып табылады. Көрсетілген сомалардың Талап қоюшы үшін нақты мәні бар екендігі Сотқа айқын және сондықтан осы мән-жайларда әділ сот мүдделерінде Жауапкер-компания өтемақыны оған кешеуілдетпей төлеуі тиіс.
20. Жауапкер жоғарыда аталған сомаларды Талап қоюшыға төлеудің Сот белгілеген мерзімдерін сақтаған жағдайда, осы Сотта ұсақ талап арыздарды қарау кезінде әрбір тарап өз шығыстарын көтеретіні жөніндегі жалпы қағиданы ескере отырып, Сот осы іс бойынша шығыстарды тараптардың бірінің пайдасына немесе олардың біріне қарсы беру үшін айрықша негіздерді көріп отырған жоқ.

Сот қабылдады,

Чарльз Баннер КС,
Судья, АХҚО соты

Өкілдік ету:

Талап қоюшының атынан тәуелсіз сыртқы заңгер Димаш Бижанов мырза өкілдік етті, Астана қ., Қазақстан.

Жауапкердің атынан заңгері Жанара Абдуллаева өкілдік етті, «Center for Scientific and Technological Initiatives Ltd.» жеке компаниясы, Астана қ., Қазақстан.